ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

# ДІНИ ЛАУАЗЫМДАР ТІЗІЛІМІ

**Нұр-Сұлтан қаласы**
**2019 жыл 23 қазан**

# КІРІСПЕ

Аса мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын.

Барлық мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән. Адамзаттың асылы Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына салауат пен сәлем болғай!

Имамдық – жауапкершілігі мол маңызды қызмет. Бұл – Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла тарапынан алып келген аманатын келер ұрпаққа жалғастырып, адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандыққа тыйым салатын ұлы істің бірі. Сол себепті Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбеті үмбеттердің қайырлысы болды.

Имамдық қызмет үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Өйткені, имам қол астындағыларға жауапты әрі олар үшін сұралады. Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Имам – басшы әрі қол астындағыларға жауапты» (Бухари, Муслим риуаяты), – деген. Сондықтан мұндай жауапкершілікті атқару үшін, өз болмысымен үлгі-өнеге болатын, дін ісі мен дүниені қатар алып жүруге баулитын көркем мінез-құлық пен ұстаздық қабілет-қасиеттер, белсенділік пен азаматтық сипаттар имамнан талап етіледі.

Қазіргі қоғамымыздағы діни ахуал жағдайында ішкі тұрақтылықты және рухани тұтастықты сақтауда имамның қызметі зор. Дерттің алдын алып, оған қарсы ем қолданғандай, рухани дерттің емшілері мен қоғам өмірін үйлесімділікке келтіретіндер – имамдар. Бұрыс бағыттағы біреудің жетегінде жүрген азаматтарды дұрыс арнаға салу, ақ пен қараны, дұрыс пен бұрысты, халал мен харамды ажыратып беру – имамдардың мойнында. Ендеше, бүгінгі таңда діни лауазымдардың нақты атауын жасау да – қажетті мәселелердің бірі. Діни атаудың жасалуы арқылы олардың міндеттері белгіленеді.

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының діни лауазымдар тізілімі**

1. Бас мүфти
2. Наиб мүфти
3. Аппарат басшысы
4. Кеңесші
5. Іс басқарушы
6. Бөлім басшысы
7. Сектор меңгерушісі
8. Бас маман
9. Маман
10. Облыстың Бас имамы
11. Қаланың Бас имамы
12. Ауданның Бас имамы
13. Имам
14. Наиб имам
15. Ұстаз
16. Азаншы
17. Молда
18. Институт директоры
19. Институт директорының орынбасары
20. Колледж-медресе директоры
21. Колледж-медресе директорының орынбасары
22. Медресе директоры
23. Медресе директорының орынбасары
24. Қайырымдылық мекеме директоры
25. Қайырымдылық мекеме директорының орынбасары
26. Құран қариларын дайындау орталығының директоры

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

# ҚМДБ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕР

**Нұр-Сұлтан қаласы**
**2019 жыл 23 қазан**

# КІРІСПЕ

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігі (бұдан әрі – ҚМДБ) – Ислам дінінің сүнни бағыты Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын Қазақстан азаматтарының ерікті бірлестігі. ҚМДБ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңды және басқа да заң актілерін, сондай-ақ ҚМДБ Жарғысын басшылыққа ала отырып келесі қызметтерді атқарады.

## ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИСЛАМИ ДІНИ БІРЛЕСТІГІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

1. Қазақстан Республикасы аумағында Ислам дінінің тарихи ерекшелігін ескере отырып, сүнни бағыттағы Әбу Ханифа мазһабы және имам Матуриди ақидасы бойынша Ислам дінінің дұрыс және жүйелі насихатталуын қамтамасыз ету;

2. Қазақстан Республикасы аумағында мұсылмандардың ынтымақ-бірлігінің сақталуына ықпал ету;

3. Мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарда Қазақстан мұсылмандарының мүдделерін қорғау;

4. Халықаралық, республикалық, облыстық, аймақтық деңгейдегі конференциялар, семинарлар, үлкен және кіші төралқа мен форум, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер өткізу;

5. Шетелдік ислами діни ұйымдармен, бірлестіктермен және оқу орындарымен қарым-қатынас жасау;

6. Шариғат нормаларына сәйкес мешіттерде діни рәсімдердің орындалуын қадағалауды қамтамасыз ету;

7. Елді мекендердегі мұсылман қауымдарының діни мәселелерін шешуге көмек көрсету;

8. Дін қызметкерлерінің халықаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру;
9. Халықаралық қарым-қатынасқа қатысты іс-шаралар мен кездесулерді жүзеге асыру;
10. Дін мен дәстүрімізді сабақтастыра отырып, ел ішіндегі күрделі мәселелерге пәтуа шығару;
11. Облыстың (өңір) Бас имамдарын, имамдарды, наиб имамдарын, молдаларды, азаншыларды, іс басқарушыларды, есепшілерді, ұстаздарды, діни оқу орындарының және қайырымдылық мекемелерінің басшыларын тағайындау және босату;
12. Мемлекеттік мекемелердің, діни және қоғамдық ұйымдардың өтініші бойынша елімізден тыс жерлерден әкелінген немесе елімізде басылған діни әдебиеттерге, сондай-ақ ислами аудио және бейне материалдарға сараптама жасау;
13. Еліміздегі дін қызметкерлерінің білім деңгейіне талдау жүргізу;
14. Мешіт жамағатының өтінішін қарау;
15. Дін қызметкерлеріне қатысты арыз-шағымдарды қарау;
16. Жаңадан қызметке тағайындалатын мамандарды аттестациядан өткізу;
17. Ел мұсылмандарының танымын, діни сауатын арттыру мақсатында кітап, газет, журналдар шығару;
18. ҚМДБ тарапынан құрылған Республикалық ақпараттық насихат тобы (РАНТ) және жергілікті ақпараттық насихат тобы (ЖАНТ) жұмыстарының сапалы атқарылуын үйлестіру;
19. Деструктивті діни ағымдар арбауында жүрген азаматтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
20. Еліміздегі мұсылман жамағаты арасында, жанұяда отбасы құндылықтары және дін мен дәстүрді басшылыққа ала отырып рухани тәлім-тәрбие істерін жолға қоюды насихаттау;

21. Еліміздегі діни жаңалықтар мен сан-салалы ізгі қызметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау;

22. Телеарналар мен радио бағдарламаларына дін қызметкерлерінің сұхбат беруін ұйымдастыру;

23. Жамағат арасында ҚМДБ-ның әлеуетін арттыру үшін имамдардың шаруашылық жұмыстарына бағыт беру;

24. Филиалдардағы ғимараттардың мүлкін ресми тіркеуге алу;

25. Қаржылық ашықтықты сақтау мақсатында еліміздегі барлық мешіттердің қаржылық жүйесін қадағалау;

26. Еліміздегі мұсылмандардың сұраныстарын қанағаттандырып, халал азық-түлікке қол жеткізу, күмәнсіз тұтынуына қызмет етіп, сұраныс нәтижесіне сай, кәсіпорындарға халал сертификаттарын табыстау;

27. Халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық, қалалық деңгейде халал өнімдердің жәрмеңкесін ұйымдастыру;

28. Еліміздегі діни білім беру оқу орындарын аттестаттауды, білім беру мониторингін үйлестіруді және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

29. Діни білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және бекіту, діни білім беру мекемелеріндегі білім алушыларды оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

30. Діни қызметкерлер мен ҚМДБ-ға қарасты оқу орындарының педагог кадрларын қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырып, түлектердің қызметке орналасуын жүзеге асыру және бақылау жүргізу;

31. ҚМДБ-ға қарасты сайттарда жарық көріп жатқан ақпараттардың Әбу Ханифа мазһабы мен имам Матуриди сенім мектебіне сай болуын және жүйелі, дұрыс насихатталуын қамтамасыз ету;

32. ҚМДБ-ның атқарып жатқан жұмыстары және Ғұламалар Кеңесінің бекітуімен шыққан пәтуаларды әлеуметтік желіде кеңінен насихаттау;

33. Ғаламтор беттерінде қазақ және орыс тілдерінде түрлі зиянды діни ағымдарға қарсы жүйелі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;

34. Өзекті діни тақырыптарға байланысты арнайы мақалалар, бейне сюжеттер, уағыздар мен дәрістер дайындап, ғаламтор желісінде тарату;

35. Мұсылмандардың діни мәселелерге байланысты сұрақтарына ғаламтор арқылы жауап алуларына мүмкіндік жасау;

36. Түрлі діни мобильді қосымшаларды дайындап, оны жүзеге асыру;

37. Дәстүрлі исламды насихаттау мақсатында әлеуметтік желіде түрлі танымдық конкурстар мен қайырымдылық шараларын ұйымдастыру;

38. Ислам дінінің классикалық кітаптарын, ислам әлеміндегі құнды кітаптарды аударып, жарыққа шығару;

39. ҚМДБ-ның әлеуметтік желілердегі ресми (facebook, instagram, vkontakte) парақшаларын жүргізу;

40. Республикалық телеарналар мен радиоларға рухани-танымдық һәм діни бағыттағы телеөнімдер мен радиохабарлар дайындау;

41. Мемлекеттік бағдарламалар аясында және қоғамдағы өзекті мәселелер мен экстремизмнің, терроризмнің алдын алу мақсатында тәрбиелік мәні бар әлеуметтік роликтер мен қысқа метражды фильмдер түсіру;

42. Елімізге белгілі исламтанушы ғалымдар мен теологтардың, имамдардың кітабының аудио нұсқасын әзірлеу;

43. Рухани құндылықтарды арттыру мақсатында РАНТ және ЖАНТ мүшелерінің уағыздары мен дәрістерін бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желі арқылы халыққа тарату;

44. Бес парыздың бірі зекетті насихаттау;

45. Зекетті шариғи жолмен жинап, шариғат талабына сай тарату;

46. Республика бойынша қайырымдылық жұмыстарын жүргізу;
47. Мұқтаж жандарға өтініші негізінде түрлі бағытта көмек көрсету;
48. Еліміз бойынша мешіт салушыларға рұқсат беру;
49. Салынатын мешіттердің жобалануын, оларды салуда сәулет өнері үлгісі мен инженерлік талаптардың сақталуын, ғибадат үйінің заман талабына сай болуын қадағалау;
50. Құрылысы аяқталған мешіттердің ҚР заңдары мен ҚМДБ-ның Жарғысына сай Діни басқармаға филиал болып тіркелуін жүзеге асыру мақсатында қажетті құжаттарды ұсыну;
51. Республика бойынша мешіттерде қызмет ететін дін қызметкерлерінің еңбек тәртібінің орындалуын, ғимараттардың тазалығын, тиісті жөндеу жұмыстарының жүргізілуін қадағалау;
52. Республика бойынша тарихи мешіттерді мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына енгізуге, қалпына келтіру үшін мемлекеттік мекемелерге ұсыныс беру;
53. Қажылық және ұмра жұмыстарын қадағалап, ұйымдастыру;
54. Сауд Арабия Корольдігінің Қажылық және Ұмра министрлігімен келісім-шарт жасау, елге бөлінген квоталарды (қажылар санын) алу;
55. Қажылықпен айналысатын туристік фирмалардан құжаттар қабылдап, оларға ҚМДБ тарапынан квота (апаратын қажылар санын) бөлінуін үйлестіріп, жұмыстарын реттеу;
56. Қажылық сапарында «Қажылық миссиясының» жұмысын ұйымдастыру.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

# ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

**Нұр-Сұлтан қаласы**
**2019 жыл 23 қазан**

**Республикалық маңызы бар (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) қалалардың және облыстардың Бас имамы қызметінің лауазымдық міндеттері:**

1. Мешіт қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және ҚМДБ Жарғысына сәйкес басқарады;

2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды ұйымдастырып, басшылық жасайды;

3. Қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырады;

4. Ақпарат құралдарына, баспасөзге қатысты бағдарламаларға қатысып, діни-танымдық материалдар әзірлейді;

5. Өңірдің діни ахуалына қатысты мәселелерді анықтап, олардың алдын алу және шешу жолдарын қарастырады;

6. Діни қызметтердің сапасын арттыруды, мешіт жұмысын үйлестіруді және жұртшылықпен байланысты нығайтуды қамтамасыз етеді;

7. Мешіттердің штаттық кестесіне сай тағайындалатын қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын айқындап, басшылыққа бекітуге ұсынады, құзыреті шеңберінде қызметкерлерді тағайындайды;

8. ҚМДБ тарапынан тағайындалған қарамағындағы қызметкерлердің қызметтерін бақылап, оларды басқарады;

9. Дін қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыру үшін оқу-семинарлар мен курстар ұйымдастырады;

10. Мешіттерді білікті кадрлармен қамтамасыз етеді;

11. Адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз еңбек шарттарын жасайды, ұжымда жұмыс жасауға қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырады;

12. Мешіттердің қаржылық және шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерге жарғы бойынша берілген құқықтар

шеңберінде шешімдер қабылдайды, кіріс және шығыс есебін тиісті орындарға ұсынады;

13. ҚМДБ-ға қарасты діни білім беру мекемелеріне демеушілерді тарта отырып қаржылай және өз құзыреті шеңберінде материалдық көмек береді;
14. Басқа ұйымдармен, жеке немесе заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, өкімдер мен бұйрықтар шығарады;
15. Іскерлік кездесулерде, сотта, мемлекеттік билік және басқару органдарында мешіттің атынан өкілдік етеді;
16. Мешіттің материалдық-техникалық базасын толықтырады және мүліктерінің есебін жүргізіп, сақталуына жауап береді;
17. Мешітте санитарлық-гигиеналық ережелер режимінің сақталуын қадағалайды;
18. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

**Білуге міндетті:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын;
2. ҚМДБ Жарғысын;
3. Мешіт ережесін;
4. Республикалық имамдар форумдарында қабылданған құжаттарды;
5. Ғұламалар кеңесінде қабылданған пәтуа, үндеу, ұстанымдарды;
6. Лауазымы бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті діни және зайырлы заңнамалардың талаптарын;
7. Лауазымына сәйкес қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін;

8. Діни шараларды ұйымдастыруды;
9. Өрт қауіпсіздігінің талаптарын;
10. Қазақ және араб тілі, қажеттілікке орай орыс тілін.

**Біліктілік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар:**

1. Жоғары діни білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын, жасы 30-ға толған болу;
2. ҚМДБ-ның басшылық құрамында, еліміздегі діни ЖОО басшылық және ұстаздық қызметте болған, облыстық наиб имам, қалалық немесе аудандық бас имам қызметінде кемінде 5 (бес) жыл жұмыс істеген болу;
3. Құран Кәрімнен кемінде 4 (төрт) пара жаттаған болу, Құранды тәжуид ережесіне сәйкес жүзінен жақсы оқи білу;
4. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кемінде 100 (жүз) хадис мәтінін жатқа білу;
5. Мінезі көркем, жауапты, іскер, шешен, халықпен тіл табыса алатын, мәмілешіл болу;
6. ҚМДБ кадр тізілімінде болу.

## Республикалық маңызы бар (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) қалалардың және облыстардың наиб имамы қызметінің лауазымдық міндеттері:

**1. Дін істері (пәтуа ісі, халал, қажылық) бойынша жауапты наиб имам:**

1.1. Өңірдің дін қызметкерлерінің діни-ғибадаттарды Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебі бойынша сауатты атқаруларын қадағалайды;

1.2. Облысқа қарасты мешіттерде түсінбеушілік тудырған діни

мәселелерді анықтап, зерттеп, оны шешу жұмыстарын ұйымдастырады және оны басшылыққа баяндайды;

1.3. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

1.4. ҚМДБ пәтуаларын мешіт жамағаты мен қоғамға таныстыруды және насихаттауды жүзеге асырады;

1.5. Өңірдегі «Халал» өнімдерін стандарттау бөлімінің өкілімен жұмыс жүргізеді;

1.6. Қажылық және ұмра өтеушілерге арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. ҚМДБ қажылық бөлімінің өкілі ретінде есеп береді;

1.7. ҚМДБ-ның бастамасымен облыс мешіттерінде өткізілетін діни мерекелердің жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылуын қадағалайды;

1.8. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға жауап әзірлейді;

1.9. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

1.10. Облыстық бас имамы болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

1.11. Облыс бас имамына белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

1.12. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

2. **Діни білім беру, қайырымдылық мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты наиб имам:**

2.1. Өңір бойынша мешіттерде діни сауат ашу және Құран жаттау курстарын ұйымдастырады;

2.2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

2.3. Қайырымдылықмекемелерініңжұмыстарынұйымдастырады;

2.4. Діни оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік нұсқаулықтарды даярлауды ұйымдастырады, оған қатысады;

2.5. Семинарлар, дөңгелек үстел, ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырады;

2.6. Өңір ұстаздарына, діни сауат ашу курстарының ұстаздарына әдістемелік материалдар мен мәліметтер береді;

2.7. Діни сауат ашу және Құран оқу курстарында сабақ беретін ұстаздардың өткізетін сабақтарының сапасын бақылайды;

2.8. Діни қызметкерлердің білімін тексеруді ұйымдастырып, мониторинг жүргізеді, жұмыстарын тексереді, білімін жетілдіру үшін арнайы курстарға ұсынады;

2.9. Мешіт қызметкерлерінің және тыңдаушылар арасында білім сайыстарын, олимпиада, көрме, конкурстарын өткізеді, қажетті құжаттарды дайындайды;

2.10. Жыл сайын жергілікті халықтың діни сауатын арттыру бойынша, жылдық жоспарын жасайды және жыл соңында оның статистикалық қортындысын шығарады;

2.11. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

2.12. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

2.13. Облыс бас имамы болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

2.14. Облыс бас имамына белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

2.15. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

3. **Уағыз-насихат (жастар ісі, әйел-қыздар секторы, баспасөз, ғаламтор және ақпарат құралдарына материалдар әзірлеу) бойынша жауапты наиб имам:**

3.1. Өңір бойынша ислам дінінің ғибадат-құлшылықтарын, адами құндылықтарын кеңінен уағыздауды ұйымдастырады, бақылайды;

3.2. ҚМДБ қызметін жергілікті халық арасында қолданыстағы заңнамалар шеңберінде кеңінен насихатталуын қамтамасыз етеді;

3.3. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

3.4. Деструктивті діни ағымдарға қарсы жүйелі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге басшылық жасайды;

3.5. Мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып, жастар арасында кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конкурстар мен басқа да іс-шараларға қатысады, ұйымдастырады;

3.6. Әйел-қыздар секторының жұмыстарын қадағалайды;

3.7. Мектептер мен орта және жоғарғы оқу орындарында діни-руханият тақырыптарында арнайы кездесулерді қолданыстағы заңнамалар шеңберінде жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

3.8. РАНТ және ЖАНТ жұмыстарын ұйымдастырады;

3.9. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған діни-танымдық, уағыздық материалдардың Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебіне сай болуына мүдделілік танытады;

3.10. Діни мерекелер мен басқа да айтулы күндерге, қатысты баспасөз мәслихаттарын ұйымдастырады;

3.11. Діни қызметкерлердің ғаламтор беттерінде мақала жазу, сұхбат беру сынды ғаламтормен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыруына атсалысады;

3.12. Діни қызметкерлер арасында облыс деңгейінде уағыз-насихат айтудан және танымдық материалдар жазудан жарыстар өткізеді;

3.13. Әлеуметтік желілердегі парақшаларын мәліметпен толтырып отырады, ол жерге келіп түскен сауалдарға жауап беруді қамтамасыз етеді;

3.14. Жергілікті діни сайттарға, әлеуметтік желілердегі Ислам діні тақырыбында жазып жүрген жергілікті блогерлерге бағыт-бағдар беріп, олардың жариялайтын материалдарының мазмұнын қадағалайды;

3.15. Дәстүрлі исламды насихаттау мақсатында БАҚ және ғаламтор беттерінде түрлі танымдық конкурстар ұйымдастырады, жиындарға, теле-радио бағдарламаларына жергілікті дін қызметкерлерін іріктеп қатыстырады;

3.16. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

3.17. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

3.18. Облыс бас имамы болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

3.19. Облыс бас имамына белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

3.20. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

4. **Мешіт істері (кадр ісі, зекет, қайырымдылық) бойынша жауапты наиб имам:**

4.1. Жергілікті жерде мешіт салынатын елді мекендерді анықтайды, мешіт салуды ұйымдастырады және қажетті құжаттарды дайындауға көмектеседі;

4.2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

4.3. Діни қызметкерлерді қызметке алуға, шығаруға, ауыстыруға, іссапарларға, кезекті еңбек демалыстарына шығуға, қажылыққа баруға байланысты құжаттардың дұрыс рәсімделуіне; қызметтері туралы анықтамалар алуына көмектеседі;

4.4. Өңірдегі Зекет қорының өкілімен жұмысты үйлестіреді;

4.5. Қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастырады, жүзеге асырады;

4.6. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

4.7. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

4.8. Облыс бас имамы болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

4.9. Облыс бас имамына белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

4.10. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

**Біліктілік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар:**

1. Жоғары діни білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын болу;

2. ҚМДБ-ның орталық аппаратында, қалалық (аудандық) бас имам, наиб имам немесе имамдық қызметте кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеген болу;

3. Құран Кәрімнен кемінде 3 (үш) пара жаттаған болу, Құранды тәжуид ережесіне сәйкес жүзінен жақсы оқи білу;

4. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кемінде 80 (сексен) хадисін жатқа білу;

5. Мінезі көркем, жауапты, іскер, шешен, халықпен тіл табыса алатын, мәмілешіл болу.

6. Мемлекеттік (қазақ) тілді және керектігіне қарай орыс тілін кәсіби деңгейде білу;

7. ҚМДБ кадр тізілімінде болу.

**Қала Бас имамының лауазымдық міндеттері:**

1. Мешіттерінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және ҚМДБ Жарғысына сәйкес басқарады;

2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды ұйымдастырады, басшылық жасайды;

3. Қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырады;

4. Ақпарат құралдарына, баспасөзге қатысты бағдарламаларға қатысып, діни-танымдық материалдар әзірлейді;

5. Қаланың діни ахуалына қатысты мәселелерді анықтап, олардың алдын алу және шешу жолдарын қарастырады;

6. Діни қызметтердің сапасын арттыруды, мешіт жұмысын үйлестіруді және жұртшылықпен байланысты нығайтуды қамтамасыз етеді;

7. Мешіттің штаттық кестесіне сай тағайындалатын қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын айқындап, басшылыққа бекітуге ұсынады, құзыреті шеңберінде қызметкерлерді тағайындайды;

8. ҚМДБ тарапынан тағайындалған қарамағындағы қызметкерлердің қызметтерін бақылап, оларды басқарады;

9. Дін қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыру үшін түрлі оқу-семинарлар мен курстар ұйымдастырады;
10. Мешіттерді білікті кадрлармен қамтамасыз етеді;
11. Адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз еңбек шарттарын жасайды, ұжымда жұмыс жасауға қолайлы психологиялық жағдай қалыптастырады;
12. Мешіттердің қаржылық және шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерге жарғы бойынша берілген құқықтар шеңберінде шешімдер қабылдайды, кіріс және шығыс есебін тиісті орындарға ұсынады;
13. Басқа ұйымдармен, жеке немесе заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, өкімдер мен бұйрықтар шығарады;
14. Іскерлік кездесулерде, сотта, мемлекеттік билік және басқару органдарында мешіттің атынан өкілдік етеді;
15. Мешіттің материалдық-техникалық базасын толықтырады және мүліктерінің есебін жүргізіп, сақталуына жауап береді;
16. Мешітте санитарлық-гигиеналық ережелер режимінің сақталуын қадағалайды;
17. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

**Біліктілік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар:**

1. Жоғары діни білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын, жасы 25-ке толған болу;
2. ҚМДБ-ның орталық аппаратында, қалалық немесе аудандық наиб имам қызметінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеген болу;
3. Құран Кәрімнен кемінде 3 (үш) пара жаттаған болу, Құранды тәжуид ережесіне сәйкес жүзінен жақсы оқи білу;

4. Ақида, фиқһ, ислам тарихы және басқа да діни білімдерді жетік меңгерген болу;

5. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кемінде 60 (алпыс) хадисін жатқа білу;

6. Мінезі көркем, жауапты, іскер, шешен, халықпен тіл табыса алатын, мәмілешіл болу;

7. Мемлекеттік (қазақ) тілді және керектігіне қарай орыс тілін кәсіби деңгейде білу;

8. ҚМДБ кадр тізілімінде болу.

**Қалалық наиб имамдарының лауазымдық міндеттері:**

1. **Дін істері (пәтуа ісі, халал, қажылық) бойынша жауапты наиб имам:**

1.1. Дін қызметкерлерінің діни-ғибадаттарды Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебі бойынша сауатты атқаруларын қадағалайды;

1.2. Қала және ауданға қарасты мешіттерде түсінбеушілік тудырған діни мәселелерді анықтап, зерттеп, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады және оны басшылыққа баяндайды;

1.3. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

1.4. ҚМДБ пәтуаларын мешіт жамағаты мен қоғамға таныстыруды және насихаттауды жүзеге асырады;

1.5. Өңірдегі «Халал» өнімдерін стандарттау бөлімінің өкілімен жұмыс жүргізеді;

1.6. Қажылық және ұмра өтеушілерге арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

1.7. ҚМДБ-ның бастамасымен мешіттерінде өткізілетін діни

мерекелердің жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылуын қадағалайды;

1.8. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға жауап әзірлейді;

1.9. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

1.10. Қалалық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

1.11. Қалалық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

1.12. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

2. **Діни білім беру, қайырымдылық мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты наиб имам:**

2.1. Мешіттерде діни сауат ашу және Құран жаттау курстарын ұйымдастырады;

2.2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

2.3. Қайырымдылықмекемелерініңжұмыстарынұйымдастырады;

2.4. Діни оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік нұсқаулықтарды даярлауды ұйымдастырады, оған қатысады;

2.5. Діни сауат ашу курстарының ұстаздарына әдістемелік материалдар мен мәліметтер береді;

2.6. Діни сауат ашу және Құран оқу курстарында сабақ беретін ұстаздардың өткізетін сабақтарының сапасын бақылайды;

2.7. Діни қызметкерлердің білімін тексеруді ұйымдастырып, мониторинг жүргізеді, жұмыстарын тексереді, білімін жетілдіру үшін арнайы курстарға ұсынады;

2.8. Мешіт қызметкерлерінің және тыңдаушылар арасында білім сайыстарын, олимпиада, көрме, конкурстарын өткізеді, қажетті құжаттарды дайындайды;

2.9. Жыл сайын жергілікті халықтың діни сауатын арттыру бойынша, жылдық жоспарын жасайды және жыл соңында оның статистикалық қортындысын шығарады;

2.10. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

2.11. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

2.12. Қалалық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

2.13. Қалалық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

2.14. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

3. **Уағыз-насихат (жастар ісі, әйел-қыздар секторы, баспасөз, ғаламтор және ақпарт құралдарына материалдар әзірлеу, айт және жұма уағыздарын дайындау) бойынша жауапты наиб имам:**

3.1. Ислам дінінің ғибадат-құлшылықтарын, адами құндылықтарын кеңінен уағыздауды ұйымдастырады, бақылайды;

3.2. ҚМДБ қызметін жергілікті халық арасында қолданыстағы заңнамалар шеңберінде кеңінен насихатталуын қамтамасыз етеді;

3.3. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

3.4. Деструктивті діни ағымдарға қарсы жүйелі үгіт-насихат

жұмыстарын жүргізуге басшылық жасайды;

3.5. Мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып, жастар арасында кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конкурстар мен басқа да іс-шараларға қатысады, ұйымдастырады;

3.6. Әйел-қыздар секторының жауапты маманының жұмыстарын қадағалайды;

3.7. Мектептер мен орта және жоғарғы оқу орындарында діни-руханият тақырыптарындағы арнайы кездесулерді қолданыстағы заңнамалар шеңберінде жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

3.8. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған діни-танымдық, уағыздық материалдардың Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебіне сай болуына мүдделілік танытады;

3.9. Мешіттердегі Діни қызметкерлердің ғаламтор беттерінде мақала жазу, сұхбат беру сынды ғаламтормен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыруға атсалысады;

3.10. Діни қызметкерлердің қала және аудан деңгейінде уағыз-насихат айтуы және танымдық материалдар жазуынан жарыстар өткізеді;

3.11. Әлеуметтік желілердегі парақшаларын мәліметпен толтырып отырады, оған келіп түскен сауалдарға жауап беруді қамтамасыз етеді;

3.12. Жергілікті діни сайттарға, әлеуметтік желілердегі Ислам діні тақырыбында жазып жүрген жергілікті блогерлерге бағыт-бағдар беріп, олардың жариялайтын материалдарының мазмұнын қадағалайды;

3.13. Дәстүрлі исламды насихаттау мақсатында БАҚ және ғаламтор беттерінде түрлі танымдық конкурстар ұйымдастырады, жиындарға, теле-радио бағдарламаларына жергілікті дін қызметкерлерін іріктеп өкілдікке ұсынады;

3.14. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

3.15. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

3.16. Қалалық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

3.17. Қалалық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

3.18. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

4. **Мешіт істері (кадр ісі, зекет, қайырымдылық) бойынша, жауапты наиб имам:**

4.1. Жергілікті жерде мешіт салынатын елді мекендерді анықтайды, мешіт салуды ұйымдастырады және қажетті құжаттарды дайындауға көмектеседі;

4.2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

4.3. Өңірдегі Зекет қорының өкілімен жұмысты үйлестіреді;

4.4. Қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастырады, жүзеге асырады;

4.5. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

4.6. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

4.7. Қалалық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

4.8. Қалалық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

4.9. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

**Біліктілік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар:**

1. Діни орта немесе жоғары білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын болу;

2. ҚМДБ-ның орталық аппаратында, имам немесе наиб имам қызметінде кемінде 2 (екі) жыл жұмыс істеген болу;

3. Құран Кәрімнен кемінде 2 (екі) пара жаттаған болу, Құранды тәжуид ережесіне сәйкес жүзінен жақсы оқи білу;

4. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кемінде 40 (қырық) хадисін жатқа білу;

5. Мінезі көркем, жауапты, іскер, шешен, халықпен тіл табыса алатын, мәмілешіл болу;

6. ҚМДБ кадр тізілімінде болу.

**Аудандық бас имамының лауазымдық міндеттері:**

1. Мешіттерінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және ҚМДБ Жарғысына сәйкес басқарады;

2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды ұйымдастырады, басшылық жасайды;

3. Қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырады;

4. Ақпарат құралдарына, баспасөзге қатысты бағдарламаларға қатысып, діни танымдық материалдар әзірлейді;

5. Ауданның діни ахуалына қатысты мәселелерді анықтап, олардың алдын алу және шешу жолдарын қарастырады;

6. Діни қызметтердің сапасын арттыруды, мешіт жұмысын

үйлестіруді және жұртшылықпен байланысты нығайтуды қамтамасыз етеді;

7. Мешіттің штаттық кестесіне сай тағайындалатын қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын айқындап, басшылыққа бекітуге ұсынады, құзыреті шеңберінде қызметкерлерді тағайындайды;
8. ҚМДБ тарапынан тағайындалған қарамағындағы қызметкерлердің қызметтерін бақылап, оларды басқарады;
9. Дін қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыру үшін түрлі оқу-семинарлар мен курстар ұйымдастырады;
10. Мешіттерді білікті кадрлармен қамтамасыз етеді;
11. Адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз еңбек шарттарын жасайды, ұжымда жұмыс жасауға қолайлы психологиялық жағдай қалыптастырады;
12. Мешіттердің қаржылық және шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерге жарғы бойынша берілген құқықтар шеңберінде шешімдер қабылдайды, кіріс және шығыс есебін тиісті орындарға ұсынады;
13. Басқа ұйымдармен, жеке немесе заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, өкімдер мен бұйрықтар шығарады;
14. Іскерлік кездесулерде, сотта, мемлекеттік билік және басқару органдарында мешіттің атынан өкілдік етеді;
15. Мешіттің материалдық-техникалық базасын толықтырады және мүліктерінің есебін жүргізіп, сақталуына жауап береді;
16. Мешітте санитарлық-гигиеналық ережелер режимінің сақталуын қадағалайды;
17. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

**Біліктілік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар:**

1. Жоғары діни білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын, жасы 25-ке толған болу;

2. ҚМДБ-ның орталық аппаратында, қалалық (аудандық) наиб имам немесе имамдық қызметте кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеген болу;

3. Құран Кәрімнен кемінде 3 (үш) пара жаттаған болу; Құранды тәжуид ережесіне сәйкес жүзінен жақсы оқи білу;

4. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кемінде 50 (елу) хадисін жатқа білу;

5. Мінезі көркем, жауапты, іскер, шешен, халықпен тіл табыса алатын, мәмілешіл болу;

6. ҚМДБ кадр тізілімінде болу.

**Аудандық наиб имамдарының лауазымдық міндеттері:**

1. **Дін істері (пәтуа ісі, халал, қажылық) бойынша жауапты наиб имам:**

1.1. Дін қызметкерлерінің діни-ғибадаттарды Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебі бойынша сауатты атқаруларын қадағалайды;

1.2. Қала және ауданға қарасты мешіттерде түсінбеушілік тудырған діни мәселелерді анықтап, зерттеп, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады және оны басшылыққа баяндайды;

1.3. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

1.4. ҚМДБ пәтуаларын мешіт жамағаты мен қоғамға таныстыруды және насихаттауды жүзеге асырады;

1.5. Өңірдегі «Халал» өнімдерін стандарттау бөлімінің өкілімен жұмыс жүргізеді;

1.6. Қажылық және ұмра өтеушілерге арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

1.7. ҚМДБ-ның бастамасымен мешіттерде өткізілетін діни мерекелердің жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылуын қадағалайды;

1.8. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға жауап әзірлейді;

1.9. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

1.10. Аудандық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

1.11. Аудандық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

1.12. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

2. **Діни білім беру, қайырымдылық мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты наиб имам:**

2.1. Мешіттерде діни сауат ашу және Құран жаттау курстарын ұйымдастырады;

2.2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

2.3. Қайырымдылықмекемелерініңжұмыстарынұйымдастырады;

2.4. Діни оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік нұсқаулықтарды даярлауды ұйымдастырады, оған қатысады;

2.5. Діни сауат ашу курстарының ұстаздарына әдістемелік материалдар мен мәліметтер береді;

2.6. Діни сауат ашу және Құран оқу курстарында сабақ беретін ұстаздардың өткізетін сабақтарының сапасын бақылайды;

2.7. Діни қызметкерлердің білімін тексеруді ұйымдастырып, мониторинг жүргізеді,жұмыстарын тексереді, білімін жетілдіру үшін арнайы курстарға ұсынады;

2.8. Мешіт қызметкерлерінің және тыңдаушылар арасында білім сайыстарын, олимпиада, көрме, конкурстарын өткізеді, қажетті құжаттарды дайындайды;

2.9. Жыл сайын жергілікті халықтың діни сауатын арттыру бойынша, жылдық жоспарын жасайды және жыл соңында оның статистикалық қортындысын шығарады;

2.10. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

2.11. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

2.12. Аудандық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

2.13. Аудандық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

2.14. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

3. **Уағыз-насихат (жастар ісі, әйел-қыздар секторы, баспасөз, ғаламтор және ақпарт құралдарына материалдар әзірлеу, айт және жұма уағыздарын дайындау) бойынша жауапты наиб имам:**

3.1. Ислам дінінің ғибадат-құлшылықтарын, адами құндылықтарын кеңінен уағыздауды ұйымдастырады, бақылайды;

3.2. ҚМДБ қызметін жергілікті халық арасында қолданыстағы

заңнамалар шеңберінде кеңінен насихатталуын қамтамасыз етеді;

3.3. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

3.4. Деструктивті діни ағымдарға қарсы жүйелі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге басшылық жасайды;

3.5. Мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып, жастар арасында кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конкурстар мен басқа да іс-шараларға қатысады, ұйымдастырады;

3.6. Әйел-қыздар секторының жауапты маманының жұмыстарын қадағалайды; Мектептер мен орта және жоғарғы оқу орындарында діни-руханият тақырыптарындағы арнайы кездесулерді қолданыстағы заңнамалар шеңберінде жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

3.7. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған діни-танымдық, уағыздық материалдардың Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебіне сай болуына мүдделілік танытады;

3.8. Мешіттердегі Діни қызметкерлердің ғаламтор беттерінде мақала жазу, сұхбат беру сынды ғаламтормен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыруға атсалысады;

3.9. Діни қызметкерлердің қала және аудан деңгейінде уағыз-насихат айтуы және танымдық материалдар жазуынан жарыстар өткізеді;

3.10. Әлеуметтік желілердегі парақшаларын мәліметпен толтырып отырады, онда келіп түскен сауалдарға жауап беруді қамтамасыз етеді;

3.11. Жергілікті діни сайттарға, әлеуметтік желілердегі Ислам діні тақырыбында жазып жүрген жергілікті блогерлерге бағыт-бағдар беріп, олардың жариялайтын материалдарының мазмұнын қадағалайды;

3.12. Дәстүрлі исламды насихаттау мақсатында БАҚ және ғаламтор беттерінде түрлі танымдық конкурстар ұйымдастырады, жиындарға, теле-радио бағдарламаларына жергілікті дін қызметкерлерін іріктеп өкілдікке ұсынады;

3.13. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;

3.14. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

3.15. Аудандық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

3.16. Аудандық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

3.17. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

4. **Мешіт істері (кадр ісі, зекет, қайырымдылық) бойынша, жауапты наиб имам:**

4.1. Жергілікті жерде мешіт салынатын елді мекендерді анықтайды, мешіт салуды ұйымдастырады және қажетті құжаттарды дайындауға көмектеседі;

4.2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды атқарады;

4.3. Өңірдегі Зекет қорының өкілімен жұмысты үйлестіреді;

4.4. Қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастырады, жүзеге асырады;

4.5. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауабын әзірлейді;

4.6. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;

4.7. Аудандық бас имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;

4.8. Аудандық бас имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;

4.9. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

**Біліктілік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар:**

1. Діни орта немесе жоғары білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын болу;
2. ҚМДБ-ның орталық аппаратында, имам немесе наиб имам қызметінде кемінде 2 (екі) жыл жұмыс істеген болу;
3. Құран Кәрімнен кемінде 2 (екі) пара жаттаған болу;
4. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кемінде 30 (отыз) хадисін жатқа білу;
5. Мінезі көркем, жауапты, іскер, шешен, халықпен тіл табыса алатын, мәмілешіл болу;
6. ҚМДБ кадр тізілімінде болу.

## Имамның (жалпы имамдардың негізгі) лауазымдық міндеттері:

1. Мешіт қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және ҚМДБ Жарғысына сәйкес басқарады;
2. Қажеттілікке қарай мешіт жамағатына арнайы діни кітаптар бойынша дәріс жүргізеді;
3. Бес уақыт намазды өткізеді;
4. Жұма уағызын айтады, жұма намазын жүргізеді, жұма құтпасын оқиды;

5. Ораза және құрбан айт күні намаздан бұрын уағыз айтады, екі айт намаздарын өткізеді, құтпасын оқиды;
6. Көпшіліктің сұранысы бойынша жауын жаумай, құрғақшылық болған кезде далалық жерге шығып, тасаттық рәсімін өткізуді ұйымдастырады;
7. Күн тұтылғанда мешітте жамағат болып кусуф намазын өткізеді;
8. Үйленуге ниет етіп, өтініш білдірген ер мен әйелдің некесін қияды, құтпа оқып, олардың хақына дұға етеді. Неке қию барысында некенің шарттарын, отбасындағы ер мен зайыптың құқықтары мен міндеттерін, ажырасудың зиянын түсіндіреді;
9. Жаназа намазын өткізеді;
10. Халықты зекет, ғұшыр, пітір садақа беруге, құрбандық шалуға үндейді, байларды кедейлерге, панасыз жандарға, жетім-жесірге жәрдемдесуге шақырады, түскен садақаларды есепке алады, жағдайға қарай мұқтаждарға үлестіреді;
11. ҚМДБ-ның Халал стандарты сертификатын алған мекемелердің өнімдерін және асханаларын насихаттайды, халал азықтың маңыздылығын түсіндіреді;
12. Халықтан түскен діни сұрақтарға жауап береді, шариғи шешімді талап ететін және талас-тартысты мәселелерді пәтуаға жауапты мамандарға (имамдарға) жеткізеді, сондай-ақ аталған мәселенің жауапсыз қалмауын бақылайды;
13. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдердің атқарылуын бақылайды және басшылық жасайды;
14. Ақпарат құралдарына, баспасөз беттеріне қатысты бағдарламаларға қатысады, діни танымдылық материалдар әзірлейді;
15. Мешітінің діни ахуалына қатысты мәселелерді анықтап, оларды алдын алу және шешу жолдарын қарастырады;

16. Діни қызметтердің сапасын арттыруды, мешіт жұмысын үйлестіруді және жұртшылықпен байланысты нығайтуды қамтамасыз етеді;
17. Мешіттің штаттық кестесіне сай тағайындалатын қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын айқындап, басшылыққа бекітуге ұсынады, құзыреті шеңберінде қызметкерлерді тағайындайды;
18. ҚМДБ тарапынан тағайындалған қарамағындағы жұмысшылардың қызметтерін бақылап, оларды басқарады;
19. Мешіттің қаржылық және шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді Жарғы бойынша берілген құқықтар шеңберінде шешімдер қабылдайды, кіріс және шығыс есебін тиісті орындарға ұсынады;
20. Мешіттің материалдық-техникалық базасын толықтырады және мүліктерінің есебін жүргізіп, сақталуына жауап береді;
21. Мешітте санитарлық-гигиеналық ережелер режимінің сақталуын қадағалайды;
22. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

**Біліктілік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар:**

1. Діни орта немесе жоғары білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын болу;
2. ҚМДБ-ның орталық аппаратында, наиб имам қызметінде кемінде 2 (екі) жыл жұмыс істеген болу;
3. Құран Кәрімнен кемінде 2 (екі) пара жаттаған болу;
4. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кемінде 30 (отыз) хадисін жатқа білу;
5. Мінезі көркем, жауапты, іскер, шешен, халықпен тіл табыса алатын, мәмілешіл болу;
6. ҚМДБ кадр тізілімінде болу.

## Наиб имамның лауазымдық міндеттері:

1. Мешіт жамағатына бесін, ақшам намазының уағыздарын айтады;
2. Мәйітті жаназа намазына әзірлеу, зиратқа алып бару, қабірге қою, топырақ салу жұмыстарына қатысады, Құран оқып, дұға етеді;
3. Мәйіттің артынан берілетін садақаларға қатысып, уағыз-насихат айтады, Құран оқып дұға етеді;
4. Қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастырады, жүзеге асырады;
5. Мешітке келіп түскен хаттарға, өтініштерге, ұсыныстарға дер кезінде жауап әзірлейді;
6. Атқаратын жұмысын жоспарлайды, жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындайды;
7. Имам болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқарады;
8. Имамға белгіленген мерзімде есеп беріп отырады;
9. ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын сақтайды.

## Біліктілікке қойылатын талаптар:

1. Діни орта немесе жоғары білімі бар, Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін игерген және сол жолды берік ұстанатын болу;
2. Құран Кәрімнің 30-шы парасын және Ясин, Мүлік сүрелерін жаттаған болу, Құранды тәжуид ережесіне сай жүзінен жақсы оқи білу;
3. Мінезі көркем, жауапты, халықпен тіл табыса алатын.

**Ауыл имамның лауазымдық міндеттері:**

1. Мешіт қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және ҚМДБ Жарғысына сәйкес басқарады;
2. Ғибадат-құлшылықтарды, діни жоралғылар мен рәсімдерді және діни шараларды ұйымдастырады, басшылық жасайды;
3. Ауылда қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырады;
4. Ауылдың діни ахуалына қатысты мәселелерді анықтап, оларды алдын алу және шешу жолдарын қарастырады;
5. Діни қызметтердің сапасын арттыруды, мешіт жұмысын үйлестіруді және жұртшылықпен байланысты нығайтуды қамтамасыз етеді;
6. ҚМДБ тарапынан тағайындалған қарамағындағы қызметкерлердің қызметтерін бақылап, оларды басқарады;
7. Мешіттің штаттық кестесіне сай тағайындалатын қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын айқындап, басшылыққа бекітуге ұсынады, құзыреті шеңберінде қызметкерлерді тағайындайды;
